

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы N 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы N 962 Қаулысы.

"Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы N 669 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Самұрық" холдинг" АҚ) мен "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "Қазына" АҚ) қосу жолымен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) құрылсын.

2. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес акцияларының мемлекеттік пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қордың орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге берілетін заңды тұлғалардың тізбесі (бұдан әрі – тізбе);

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға ("қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен) сәйкес Қордың тәуелсіз директорларына берілетін сыйақылардың мөлшері және төлеу шарттары бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.04.2020 № 202 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) қаулысымен.

3. "Самұрық" холдинг" АҚ мен "Қазына" АҚ заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде өз мүлкіне бағалау жүргізісін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Самұрық" холдинг" АҚ мен "Қазына" АҚ қосу жолымен қайта ұйымдастыруды;

2) Қор Жарғысын бекітуді;

3) Қорды Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. "Kazakhmys PLC" және "Eurasian Natural Resources Corporation PLC" қоспағанда, тізбеде көрсетілген заңды тұлғалар заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде Қордың орналастырылатын акцияларына берілетін акциялардың мемлекеттік пакеттеріне бағалау жүргізісін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде Қордың орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге берілетін "Kasakhmys PLC" және "Eurasian Natural Resources Corporation PLC" акцияларының мемлекеттік пакеттеріне бағалау жүргізуді қамтамасыз етсін.

7. Қорды тіркеу рәсімдерін жүргізгеннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті бір апта мерзімде:

1) осы қаулының 5, 6-тармақтарына сәйкес жүргізілген бағалауды ескере отырып, тізбеде көрсетілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін Қордың орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге беруді;

2) "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін кейіннен Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге бере отырып, Қорға сенімгерлік басқаруға беруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.07.27 N 1148 Қаулысымен.

8. Осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес құрамда Қордың Директорлар кеңесі сайлансын.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.04.2020 № 202 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) қаулысымен.

8-1. Қордың Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 2024 жылғы 1 қаңтар – 2026 жылғы 31 желтоқсан болып белгіленсін.

Ескерту. Қаулы 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 14.04.2020 № 202 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 857 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) он күн мерзімде - Қор қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумның жобасын;

2) бір апта мерзімде - жоғарыда аталған Жарлыққа және осы қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын енгізсін.

10. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 17 қазандағы
№ 962 қаулысына
1-қосымша

Ескерту.Тізбенің жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2020 № 202 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) қаулысымен.

Акцияларының мемлекеттік пакеттері (жарғылық капиталдардағы қатысу үлестері) " Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге берілетін заңды тұлғалардың тізбесі

Р/с N	Атауы	Акциялардың мемлекеттік пакеті (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі)
1	2	3
1	"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" акционерлік қоғамы	100%
2	" С а р ы а р қ а " әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	100%
3	"Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	100%
4	"Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	100%
5	"Батыс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	100%
6	"Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	100%
7	"Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	100%
8	"Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	100%
9	"Қазақстан ипотекалық компаниясы" акционерлік қоғамы	91%
10	"Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы	88,7 %
11	"Kazakhmys PLC" (Ұлыбритания)	14,99 %
12	"Eurasian Natural Resources Corporation PLC" (Ұлыбритания)	11,65%

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 17 қазандағы
№ 962 қаулысына
2-қосымша

Ескерту. Өзгерістер мен толықтырулардың жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2020 № 202 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 21-70, 21-71 және 21-85-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-109-жолмен толықтырылсын:

"21-109. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ";

"Алматы облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 38-4-жол ("Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ) алып тасталсын;

"Ақтөбе облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 133-5-жол алып тасталсын;

"Шығыс Қазақстан облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 165-14-жол алып тасталсын

;

"Қостанай облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 229-10-жол ("Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ) алып тасталсын;

"Маңғыстау облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 236-8-жол алып тасталсын;

"Оңтүстік Қазақстан облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 298-жол ("Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ) алып тасталсын.

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 5-жол алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірлері 217-8 және 217-9-жолдар алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірлері 237-19, 237-26, 237-27, 237-28, 237-29, 237-30, 237-31 және 237-32-жолдар алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 268-3-жол алып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

6. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., N 22, 205-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Қазақстан ипотекалық компаниясы" акционерлік қоғамы" және "Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы" деген жолдар алып тасталсын.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 01.07.2022 № 457 қаулысымен (қызмет бабында пайдалану үшін).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 17 қазандағы
№ 962 қаулысына
3-қосымша
Қызмет бабында пайдалану үшін

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 26.09.2025 № 801 қбп қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 17 қазандағы
№ 962 қаулысына
4-қосымша

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.01.2023 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.08.2023 № 700; 04.10.2023 № 857; 21.06.2024 № 489; 19.10.2024 № 872; 12.04.2025 № 230; 20.12.2025 № 1118; 24.04.2026 № 324 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	–	Директорлар кеңесінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі	-	Директорлар кеңесінің мүшесі
"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы	—	Директорлар кеңесінің мүшесі
Жәмішев Болат Бидахметұлы	—	тәуелсіз директор
Лука Сутера	—	тәуелсіз директор
Мұхаммед Жәмил әл Рамахи	—	тәуелсіз директор
Вонг Хэн Файн	—	тәуелсіз директор

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК